



# Ембі ТЫНЫСЫ

№1 (144)  
ҚАҢТАР  
2026 ЖЫЛ

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

## БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз

### ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

## ӨНДІРІСТІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ – КОМПАНИЯНЫҢ ЖҰМЫСЫН РЕТТЕУДІҢ ТЕТІГІ НЕМЕСЕ ШЫҒЫНДАРДЫ ОҢТАЙЛАНДЫРУ ХАҚЫНДА



«Ембімұнайгаз» АҚ бүгінгі таңдағы басым бағыттарының бірі – өндірістік шығындарды оңтайландыру, табысқа қол жеткізудің негізгі жолдарын жіті назарда ұстау. Осы бағытта 2025 жылы компанияда «Дөңгелек үстел» форматында төрт рет диалог алаңы ұйымдастырылды. Онда Ембі кен алаңдарында табысты жұмысты ұйымдастыру, өндірістің шығындарын барынша азайту, жаңа әдістерді қолданысқа енгізу, сонымен қатар тиімді басқару мен әрбір жауапты маманның жауапкершілігін арттыру, олардың белсенділігін де күшейту мәселелері талқыланды.

Өткен жылдың соңында өткен төртінші, қорытынды «Дөңгелек үстел» шарасына компанияға қарасты барлық басқармалардың басшылық құрамы, бизнес-әріптестер мен орталық басқару аппаратының басшылығы толық қатысты. Ашық диалог алаңында өндірістік-құрылымдық бөлімшелердің басшылары өздерінің өндіріс алаңдарындағы іс-шаралардың орындалу барысын баяндаумен қатар, алда кезегін күткен жұмыстарды да таныстырып өтті. Күн тәртібіндегі мәселелер жөнінде өздерінің ұстанымдарын да жеткізді.



### ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

Доссор кентінде жаңа, заманауи музей мен кітапхана ғимаратының құрылысы аяқталып келеді. Жергілікті тұрғындар, ардагерлер мен аудан белсенділері осындай рухани құрылымдарға жаңа ғимарат қажеттілігі туралы «Ембімұнайгаз» АҚ-на өтініш білдірген еді. Бұл бастама «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-на жолданып, отандық мұнай өндіруші компаниялар тарапынан оң шешімін тапқан-ды. «Самұрық-Қазына» АҚ қайырымдылық операторы Samruk-Kazyna Trust қоры арқылы қаржыландырылып, қажетті сома бөлінген соң, былтыр қыркүйек айында нысан құрылысы басталған еді.

Қазіргі уақытта ғимараттың құрылыс жұмыстары аяқталып келеді. Ішкі жиһаздарын жайғастыру іс-шаралары жүргізілуде. Мердігер мекеме тарапынан нысанды тапсырыс берушіге табыстау жұмыстары ұйымдастырылуда.



### МЕРЕЙ

#### ЕМБІ МҰНАЙЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ БАСТАУЫ

ДОССОР КЕН АЛАҢЫНАН МҰНАЙ  
ӨНДІРІЛГЕНІНЕ БИЫЛ – 115 ЖЫЛ

Қазақ елінің мұнай тарихы Қарашұңгілден бастау алатыны барша жұртқа мәлім. Ал, алғаш өнеркәсіптік маңызы бар мұнай кен орны – Доссор. Сол арқылы Қазақстанда алғаш мұнай кәсіпшілігі пайда болды.



#### ПРАВОВАЯ ГРАМОТНОСТЬ ПРОФИЛАКТИКА КИБЕРПРЕСТУПНОСТИ: СОТРУДНИКОВ ОБУЧАЮТ ЦИФРОВОЙ БЕЗОПАСНОСТИ

В условиях стремительного роста киберпреступлений вопросы защиты информации становятся критически важными для каждого. Осознавая эту ответственность, руководство АО «Эмбамұнайгаз» организовало серию профилактических мероприятий для сотрудников. Одно из них недавно состоялось на месторождении Восточный Макат НГДУ «Доссормұнайгаз».



### БІЛЕ ЖҮРІНІЗ!

#### 2026 ЖЫЛЫ НЕ ӨЗГЕРЕДІ?

2026 жылы қазақстандықтардың өмірінде біраз өзгеріс болады. Зейнетақы мен жәрдемақы өседі, онымен бірге біржолғы зейнетақы төлемдерін пайдалану шегі де көтеріледі. Бұдан бөлек мобильді аударымдарды бақылаудың жаңа талабы күшіне еніп, байлыққа салық салына бастайды. Осы және өзге де жаңалықтарды интернет көздеріндегі ақпараттарға сүйеніп, шолу жасап көрейік.



## МУЗЕЙ МЕН КІТАПХАНА

### ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ БҮГІНГІ АХУАЛЫ



## БАС РЕДАКТОР БАҒАНЫ

## ГАЗЕТТИҢ ТІРЕГІ – ОҚЫРМАН

**Жаңа 2026 жылдағы «Ембі тынысы» газетінің алғашқы саны Сіздерге жол тартты. Жаңа жылдың алғашқы айларында әрқайсымыз алдағы жұмысымызға жоспар құрып, жыл бойы қандай бағыттарға басымдық беретінімізді, қандай нәтижеге қол жеткізетінімізді айқындап аламыз. Бұл – баршамызға ортақ әрі заңды үдеріс.**

Осы орайда өзіміздің төл басылым – «Ембі тынысы» газетінің шығармашылық ұжымы да алдағы кезеңге нақты мақсат-міндеттер белгілеп отыр. Алда атқарылар жұмыстарды таразыламас бұрын, өткен жылдың жетістіктеріне көз жүгіртіп өтсек.

Өткен жыл біз үшін мазмұнды да қарбалас кезең болды. Ауқымды жұмыстар атқарылып, маңызды бастамалар жүзеге асты. Төрт бірдей инвестициялық жоба қолға алынып, олардың нақты нәтижесі көрінді. Соның арқасында компания мұнай мен газ өндіру көлемін артығымен орындады. Осындай жағымды жаңалықтармен 2025 жылы «Ембі тынысы» газетінің 13 саны оқырманға жол тартты. Газет ұжымы үшін ең басты құндылық – оқырманның сенімі мен сұранысы. Компанияда жүзеге асырылып жатқан жобалар мен жаңалықтарды мұнайшыларға уақытылы, шынайы әрі түсінікті түрде жеткізу – біздің басты мақсатымыз.

Қазіргі заман – әлеуметтік желілер мен гаджеттердің дәуірі екені баршаға мәлім. Алайда әлеуметтік платформалар газеттің орнын толықтай алмастыра алмайды. Гаджеттер мен әлеуметтік желілер жедел ақпарат таратуға бағытталған болса, газет-журналдардың басты миссиясы – ақпаратты сараптап, талдап, оқырманға салмақты ой ұсыну. Бұл екеуінің бағыты мен қызметі бөлек, сондықтан оларды салыстыруға немесе бірінің орнына бірін қоюға болмайды.

Рас, әлеуметтік желілер жеделдік пен визуализация тұрғысынан белгілі бір деңгейде газеттің кейбір функцияларын алмастыра алады. Алайда газеттің басты артықшылығы – терең ой, нақты дерек, мәселені жан-жақты талдаған мазмұнды материалдарында. Дәл осы қасиет газеттің құнын арттырып, оны оқырман үшін маңызды ақпарат көзіне айналдырады.

Осы тұста бастапқы ойымызға – «Газеттің тірегі – оқырман» деген тұжырымға қайта ораламыз. Әлеуметтік желілердегі контент сан алуан. Асығыстық пен сенсация құалау салдарынан сапасыз, тексерілмеген ақпараттар да аз емес. Мұндай контент оқырманның сауатты әрі дұрыс ақпарат қабылдауына кері әсерін тигізіп жатқаны жасырын емес.

Сондықтан «Ембі тынысы» газетінің басты ұстанымы – оқырманға сүзгіден өткен, шынайы, салмақты әрі жауапкершілігі жоғары ақпарат ұсыну. Біз үшін оқырман – тек ақпарат тұтынушы емес, газеттің дамуына серпін беретін негізгі тірек. Ал сол сенімді ақтау – біздің ең басты міндетіміз.

Бұл орайда «Ембі тынысы» газетінің әрбір шығарылымында бұрынғы айдарлар сақтала отырып, жаңа жоба-бастамаларды енгіздік. Мәселен, «Еңбек және Ошақ» айдарында жатақханалар мен асханалардан тікелей эфир-репортаждар дайындалады. Мақсатымыз – Компания тарапынан қолға алынып жатқан әлеуметтік қолдау шараларын кеңінен насихаттау, үлгілі жатақхана мен асханалардағы озық тәжірибелерді тарату.

Тағы да бір жаңа айдар – «Өндірістен сұхбат». Бұл алаңда әр құрылымдық бөлімшелердің басшылары басқармалардың бүгінгі тынысын саралап, жоспарларымен бөліседі және жеке ұстанымдары туралы баяндап, ашық пікір алаңына шығады. Сұхбат аясында өндіріс басшысының қызметтік қарым-қабілеті ғана емес, жеке адами болмысы да әнгіме өзегіне айналады.

### ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Алдымызда ауқымды да жауапты жұмыстар күтіп тұр. Бас директор Ринат Измұханбет атап өткендей, «2026 жыл – біз үшін рекордтар жылы!» Рекорд дегеніміз – тек сан ғана емес, ол биылғы атқарылар істің былтырғыдан да салмақты, жауапкершілігі зор екенін білдіреді. Иә, жұмыс көп, соған орай талап та жоғары. Бірақ сол мол жұмысты біз бірлігіміз бен ынтымағымыздың арқасында ғана абыроймен атқарып, оң нәтижеге қол жеткізе аламыз.

Сіздердің қолдауларыңыз, ұсыныс-пікірлеріңіз және белсенді араласуларыңыз – біздің басты күшіміз. Газет те, оның мазмұны да сіздермен бірге жасалады. Сондықтан сіздердің газеттеріңіз тек өздеріңіздің тікелей араласуларыңызбен ғана мазмұнды, сапалы әрі өміршең бола түседі. Бірге болайық, бірлесіп биіктерді бағындырайық!

**Ғалия ҚАРАЖАНОВА,**  
Қоғаммен байланыс тобының жетекшісі



## КЕЗДЕСУ

## ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖОСПАРЛАРЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ



**«КазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Асхат Хасенов Түркия Республикасының Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Мұстафа Капуажумен кездесті.**

Екі елдің геологиялық барлау саласындағы ынтымақтастықтың жай-күйі мен перспективалары талқыланды. КМГ мен Түркияның «Turkish Petroleum Corporation» (TPAO) мемлекеттік компаниясы арасындағы қарқынды өзара іс-

қимылы атап өтілді.

Бұдан бұрын ТРАО мамандары біздің еліміздегі перспективті барлау учаскелеріне зерттеу жүргізген болатын. Талдау қорытындысы бойынша түрік серіктестері «Үлкен Жамбыл» (Солтүстік Каспий) оффшорлық жобасына қызығушылық танытты. Қазіргі уақытта ТРАО аталған учаске бойынша өзінің егжей-тегжейлі техникалық-экономикалық бағалауын жүргізуде.

Кездесу қорытындысы бойынша тараптар Қазақстан мен Түркияның энергетикалық әлеуетін дамыту үшін геологиялық барлау саласындағы ынтымақтастықты нығайтуға дайын екенін білдірді.

**«КазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Асхат Хасенов Анкара қаласында Түркияның энергетика және табиғи ресурстар министрі Алпарслан Байрактармен кездесті.**

Кездесу барысында КазМұнайГаз бен Түркияның энергетика саласындағы компаниялары арасындағы өзара іс-қимылды кеңейту мүмкіндіктері талқыланды. Атап айтқанда, КМГ мен түрік мемлекеттік «Turkish Petroleum Corporation» (TPAO) корпорациясы екі елдің аумағындағы перспективті геологиялық барлау жобаларын зерделеу бағытында жан-жақты жұмыс жүргізді. Бүгінде бұл бірлескен бастамаларды нақты іске асыруға қадам жасалуда.

КМГ басшысы Түркияның энер-



гетика министрлігіне сындарлы әрі мазмұнды диалог үшін алғыс білдірді. А.Хасенов түрік серіктестерімен өзара іс-қимылды кеңейту геологиялық барлау жұмыстарын жандандыруға және озық технологияларды енгізуді қамтамасыз етуге, сондай-ақ кадр әлеуетін дамытуға

мүмкіндік беретініне сенім білдірді.

Тараптар Қазақстан мен Түркияның экономикалық дамуы жолында мұнай-газ саласындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайту бағытындағы ортақ жұмысты жалғастыруға дайын екендігін растады.

**«КазМұнайГаз» ҰК АҚ (КМГ) Басқарма төрағасы Асхат Хасенов Анкара қаласында Түркияның «Turkish Petroleum Corporation» мемлекеттік компаниясының (TPAO) басшысы Джем Ердеммен кездесті.**

Геологиялық барлау, көмірсутектерді өндіру және инвестиция тарту бағыттарында екіжақты ынтымақтастықты кеңейту мәселелері талқыланды.

КМГ мен ТРАО арасында 2025 жылы маусымда құпиялық туралы келісімге қол қойылған болатын. Содан бері Қазақстан мен Түркия арасында ақпарат алмасу және геологиялық барлау жобаларын зерделеу бойынша белсенді

жұмыс атқарылуда. Бұдан бұрын ТРАО мамандары үшін егжей-тегжейлі техникалық сессиялар жүргізіліп, оларға біздің еліміздегі перспективті барлау учаскелері бойынша геологиялық деректерді пайдалануға мүмкіндік берілді.

Талдау қорытындысы бойынша түрік серіктестері «Үлкен Жамбыл» (Солтүстік Каспий) оффшорлық жобасына қызығушылық танытты. Қазіргі уақытта ТРАО аталған учаске бойынша техникалық-экономикалық бағалауын жүргізуде.

А.Хасенов КМГ осы жобаны нақты іске асыру кезеңіне өтуге толық дайын екендігін жеткізді.

Кездесу соңында тараптар ынтымақтастықтың негізгі бағыттары бойынша серіктестікті одан әрі нығайтуға өзара мүдделі екенін растады.

КазМұнайГаз

## ІС-ҚИМЫЛ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

**«КазМұнайГаз» ҰК АҚ (КМГ) Басқарма төрағасы Асхат Хасенов Астана қаласында «ExxonMobil» компаниясының аға вице-президенті Питер Ларденмен кездесті.**

Тараптар геологиялық барлау, мұнай тасымалдау және өндіріске инновациялық технологияларды енгізу бағыттарындағы өзара іс-қимыл перспективаларын талқылады. Бүгінде компаниялар арасында қол қойылған құпиялық туралы келісім аясында ExxonMobil Қазақстандағы перспективті геологиялық барлау учаскелерін егжей-тегжейлі зерттеп жатыр.

– Барлау және өндіру саласында жер қойнауы учаскелерінің әлеуетін анықтау үшін терең сараптама жүргізу аса маңызды. Ресурстық базаны толықтыру стратегиясы аясында КМГ ExxonMobil-ді еліміздегі жобаларды іске асыруда сенімді серіктес ретінде қарастырады. Қазіргі уақытта компаниялар барлық негізгі бағыт бойынша нәтижелі жұмыс атқарып келеді. Өзара тиімді ынтымақтастық алдағы уақытта одан әрі нығая түсетініне сенімдімін, – деді А.Хасенов.

Сонымен қатар тараптар Қазақстан мұнайын тасымалдаудың қосымша экспорттық бағыттарын дамыту жөніндегі мәселелерді талқылады.



Бұдан бөлек, кездесуде КМГ мен ExxonMobil арасында 2025 жылы қол қойылған Мұнай-газ секторында жаңа технологиялар бағытындағы ынтымақтастық туралы келісімді іске асырудың алдағы жоспарлары қаралды.

КазМұнайГаз

ДӨНГЕЛЕК ҮСТЕЛ

# ӨНДІРІСТІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ – КОМПАНИЯНЫҢ ЖҰМЫСЫН РЕТТЕУДІҢ ТЕТІГІ

## НЕМЕСЕ ШЫҒЫНДАРДЫ ОҢТАЙЛАНДЫРУ ХАҚЫНДА

«Ембімұнайгаз» АҚ бүгінгі таңдағы басым бағыттарының бірі – өндірістік шығындарды оңтайландыру, табысқа қол жеткізудің негізгі жолдарын жіті назарда ұстау. Осы бағытта 2025 жылда компанияда «Дөңгелек үстел» форматында төрт рет диалог алаңы ұйымдастырылды. Онда Ембі кен алаңдарында табысты жұмысты ұйымдастыру, өндірістің шығындарын барынша азайту, жаңа әдістерді қолданысқа енгізу, сонымен қатар тиімді басқару мен әрбір жауапты маманның жауапкершілігін арттыру, олардың белсенділігін де күшейту мәселелері талқыланды.

Өткен жылдың желтоқсан айында өткен төртінші, қорытынды «Дөңгелек үстел» шарасына компанияға қарасты барлық басқармалардың басшылық құрамы, бизнес-әріптестер мен орталық басқару аппаратының басшылығы толық қатысты. Ашық диалог алаңында өндірістік-құрылымдық бөлімшелердің басшылары өздерінің өндіріс алаңдарындағы іс-шаралардың орындалу барысын баяндаумен қатар, алда кезегін күткен жұмыстарды да таныстырып өтті. Күн тәртібіндегі мәселелер жөнінде өздерінің ұстанымдарын да жеткізді.

Ашық диалог алаңында сөз алған «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Ринат Ізмұханбет шараны ұйымдастырудағы көздеген негізгі мақсатқа кеңінен тоқталды: «Бүгінгі нарықтық жағдайға бейімделе қызмет ету – кез-келген компанияның мақсаты. Бар күш-жігерін осы мақсатқа жұмылдырған кәсіпорын үшін басым бағыт – тұрақтылықты сақтау және бәсекеге қабілеттілікті арттыру.



Бұл ұғымдар экономикалық талаптарға бейімделумен қатар, шығындарды реттеу, ресурстар базасын толықтыруға жете мән берумен ұштасып жатыр. «Дөңгелек үстел» форматында ашық диалог алаңын ұйымдастырудағы біздің діттеген межеміз – Ембі кен алаңдарының екінші тынысын ашу, табысқа еңбек ету. Бұл орайла әрбір маманның белсенділігі, өз ісіне мол жауапкершілікпен қарауы маңызды.

«Дөңгелек үстел» – ашық диалог алаңының барлық шарасында тұрақты сөз болған өзекті тақырыптың бірі – ұңғымалардың жөндеу аралық мерзімін ұзарту жөйі.

Ұңғымаларды жөндеу аралық мерзімін (МРП) ұзарту – мұнай-газ өндіру саласындағы негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштердің бірі. Бұл көрсеткіштің ұлғаюы ұңғыманың сенімді жұмысын қамтамасыз етіп, өндіріс тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.



ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

### «ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ-НЫҢ 2025 ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕРІ

Мұнай өндіру

Жоспар: **2 813 000** тонна

Нақты: **2 850 090** тонна



Мұнай тапсыру

Жоспар: **2 781 735** тонна

Нақты: **2 822 340** тонна



Газ өндіру

**243** млн м<sup>3</sup>

Тауарлық газды өткізу

**143,8** млн м<sup>3</sup>



«НАҚТЫ ҚАНДАЙ ТИІМДІЛІКТЕРГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗЕМІЗ?» ДЕГЕН МӘСЕЛЕНІ ТАРҚАТА АЙТСАҚ.

ӘРИНЕ, АЛДЫМЕН ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІК:

- Ұңғыманы жөндеу жұмыстары қымбат әрі уақытты көп талап етеді,
- Жөндеу аралық мерзімнің ұзартылуы жөндеу санын азайтады, сол арқылы жөндеуге кеткен шығындарды төмендетеді,
- Ұңғыманың тоқтап тұру уақыты қысқарып, мұнай мен газ өндіру көлемі артады.

ҰҢҒЫМА ҚОРЫНЫҢ ӨНІМДІЛІГІ АРТАДЫ:

- Ұңғыма үздіксіз ұзақ мерзім жұмыс істегенде орташа тәуліктік өнімі тұрақтанады,
- Жиі жөндеу кезінде пайда болатын технологиялық ақаулар мен өнімнің жоғалуы азаяды,
- Ұңғыманың техникалық жағдайы бақылауда болып, жұмыс режимі оңтайландырылады.

ӨНДІРІСТІҢ ҚАУІПСІЗДІГІ АРТАДЫ:

- Жөндеу жұмыстарының азаюы адам факторына байланысты тәуекелдерді қысқартады,
- Қауіпсіз еңбек тұрақтанып, өндірістік жарақат алу төмендейді.

КЕН ОРНЫН ИГЕРУДІҢ ТИІМДІЛІГІ АРТАДЫ:

- Ұңғымалардың тұрақты жұмысы кен орнын жоспарлы және бірқалыпты игеруге мүмкіндік береді,
- Ұзақ мерзімді өндірістік жоспарлау мен инвестициялық шешімдер қабылдау жеңілдейді.

**ТҮЙІН.** Өндіріс тиімділігі – бұл тек өнім көлемін арттыру ғана емес, сонымен қатар қолда бар ресурстарды ұтымды пайдалану, өндіріс шығындарын оңтайландыру және басқару сапасын жақсарту. Тиімді ұйымдастырылған өндіріс компанияға қаржылық тұрақтылықты сақтауға, еңбек өнімділігін арттыруға және нарықтағы орнын нығайтуға мүмкіндік береді.

Тиімді өндіріс – тұрақты табыс, сенімді әріптестік және әлеуметтік жауапкершілікті орындаудың негізі.

Өткен жылдағы жұмысты қорытқан «Дөңгелек үстелде» нақты осы мәселелер талқыланып, тиісті шешімдер қабылданды. **ET**

## ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

## МУЗЕЙ МЕН КІТАПХАНА

## ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ БҮГІНГІ АХУАЛЫ

Доссор кентінде жаңа, заманауи музей мен кітапхана ғимаратының құрылысы аяқталып келеді. Жергілікті тұрғындар, ардагерлер мен аудан белсенділері осындай рухани құрылымдарға жаңа ғимарат қажеттілігі туралы «Ембімұнайгаз» АҚ-на өтініш білдірген еді. Бұл бастама «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-на жолданып, отандық мұнай өндіруші компаниялар тарапынан оң шешімін тапқан-ды. «Самұрық-Қазына» АҚ қайырымдылық операторы Samruk-Kazyna Trust қоры арқылы қаржыландырылып, қажетті сома бөлінген соң, былтыр қыркүйек айында нысан құрылысы басталған еді.

Қазіргі уақытта ғимараттың құрылыс жұмыстары аяқталып келеді. Ішкі жиһаздарын жайғастыру іс-шаралары жүргізілуде. Мердігер мекеме тарапынан нысанды тапсырыс берушіге табыстау жұмыстары ұйымдастырылуда.

Доссор кенті – мұнай өндірісімен сабақтас, ғасырдан астам тарихы бар Мақат ауданына қарасты кент. Аталған ауданның 100 жылдығы кезінде жергілікті тұрғындар мен аудан белсенділері елдімекен тұрғындарының рухани дамуына септігі тиетін бірегей орындардың бірі – кітапхана мен музей ғимаратының құрылысына демеушілік қолдау көрсету туралы бастама көтерген болатын. Осы сұраныс жан-жақты қаралып, 2025 жылдың қыркүйек айында құрылыс жұмыстары бастау алған еді.

– Әлеуметтік жауапкершілік саясатын ұстанатын компания ретінде «Ембімұнайгаз» АҚ жергілікті тұрғындар тарапынан келіп түскен осы мазмұндағы өтінішті қарастыру үшін «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-на жолдады. «Самұрық-Қазына» АҚ тарапынан сәйкесті жұмыстар жүргізілген соң, құрылысқа жауапты бизнес серіктес ретінде «Алем Констракшн Групп» ЖШС

анықталып, осы ғимаратты салу жұмыстары былтыр басталды. Қазіргі уақытта ғимараттың құрылысы толық аяқталды. Жиһаздары құрастырылуда.

Нысанның жалпы аумағы 700 шаршы метрді құрайды. Ғимараттың бір қанатында музей болса, екінші бөлігінде кітапхана болмақ. Жаңа, заманауи талаптарға толық сай келеді. Жарық, жылыту, желдету жүйелері қамтылған.

Кітапханада 50 оқырманға арналған оқу залы, балаларға арналған бұрыш бар. Сонымен қатар, көру қабілеті төмен жандар үшін арнайы Брайль бөлмелері жасакталған. Кітапхананың жалпы кітап қоры 40 мыңнан астам, арнайы кітап сақтау бөлмелері де қарастырылған.

Ал, музей бірнеше бөлім – экспозиция залдарына бөлінген. Ұлттық салт-дәстүрлерді дәріптейтін этно бұрыш, мұнай кәсіпшіліктерінде тер төккен, қазақ мұнайының бастауында тұрған ардагер аға буын, соғыс жылдарындағы мұнайшылардың ерліктері мен еңбектеріне қатысты деректер топтастырылған және басқа да бөлімдер болады.

Жалпы, жаңа ғимарат – руханият ордасы. Осынау іс-шараны



жүзеге асыру арқылы ұрпақтар сабақтастығын сақтауға, тарихты дәріптеуге, білім бастауы – кітапты насихаттауға үлес қосудамыз, – дейді «Ембімұнайгаз» АҚ Әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің директоры Қуаныш Калидуллин.

Айта кетейік, бүгінгі таңда Мақат ауданында – 9 кітапхана халыққа қызмет көрсетіп келеді. Оның басым көпшілігі, яғни 6-ы – аудан орталығы Мақат кентінде, Бәйгетөбе ауылдық округінде – 1 кітапхана және Доссор кентінде 2 кітапхана орналасқан, олардың бірі көпшілік кітапхана болса, енді бірі балаларға арналған.

Доссор кентіндегі қазіргі кітапханалар архив ғимаратының аядай 2 бөлмесінде орналасқан. Жері талапқа сай келмейді, ғимарат ескі. Бөлмелері тар, кітап сөрелері де жетіспейді. Бұған қоса, мүмкіндігі шектеулі жандарға арнайы жабдықталмаған, жарық-шамдары жеткіліксіз. Электр желісі тозған, интернет жүйесі қосылмаған. Алайда,

ғимараттың қолайсыздығына қарамай кітапханада әртүрлі шаралар тұрақты өтіп келеді. Кездесу кештері, оқырмандар конференциялары, ақпараттық сағаттар, ақын-жазушылар шығармашылығына арналған кештер және өзге де көпшілік шаралар ұйымдастырылады. Бұл туралы толық ақпарат беріп өткен Доссор №3 кітапханасының меңгерушісі Айман Жылқышиева жыл сайын кітапханалар қорларының саны жаңа әдебиеттермен толығып келетінін де жеткізді. Сала маманы кітапхана оқырмандарының саны 3 мыңға жуық екенін атап өтті.

«Кітапханадағы абонемент, оқу залдарының тарлығы, кітап қоятын сөрелер жетіспеуінен кітаптардың буылып тұрғаны оқырмандарымыздың кітапхананы пайдалануына қолайсыздық

туғызуда және мәдени-көпшілік шараларды өткізуге тарлық етуде» деген Доссор №4 балалар кітапханасының кітапханашысы Жанар Сарбасова да жаңа ғимаратты асыға күтіп жүргендерін айтты.

Сонымен қатар, Доссор кентіндегі музей орналасқан ғимарат апатты жағдайда. Артқы қабырғалары тіреумен тірелген, 1978 жылы салынған 2 қабатты ғимараттың төменгі қабатында орналасқан. Оның ішінде экспозициялық залдар, қор сақтау бөлмесі және мамандар бөлмесі бар. Музей қоғам қайраткері С.Шарипов атындағы мектеп-интернаты жанынан 318 жәдігермен қоғамдық бастама негізінде 1974 жылы құрылған, тарихи-өлкетану, этнография залы және өлке табиғатына арналған экспозицияларынан тұрады.

**Осылайша, доссорлықтар екі нысанның заманауи, жаңа ғимаратқа көшетін күніне таяу уақыттарда куә болмақ. Тарихпен танысуға, кітап әлеміне еніп, рухани сусындауға мүмкіндік беретін нысанды ауыл халқы асыға күтуде. ЕТ**



## БӘРЕКЕЛДІ



## ЖАЙЫҚМҰНАЙГАЗДАҒЫ ЖАҢАРТЫЛҒАН ЖАТАҚХАНА

«Ембімұнайгаз» АҚ «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының С.Балғымбаев атындағы кен алаңында 100 орындық жатақхана және демалыс орталығы бар ғимаратты күрделі жөндеу жұмыстары аяқталды.

Ауқымды жұмыстар барысында шатыр толығымен ауыстырылып, инженерлік, яғни, жылыту, су құбыры, электрмен жабдықтау, кәріз және желдету жүйелері жаңартылды. Барлық жатын бөлмелерге жаңа есіктер орнатылып, едендер сапалы ламинатпен қапталған. Үздіксіз жылумен қамтамасыз ету үшін шағын қазандыққа жөндеу жұмыстары жүргізілді. Аумақты абаттандыру жұмыстары да жүзеге асырылып, баскетбол алаңы

салынды, спорт, жаттығу алаңдары жөнделді.

Бұл жұмыстар – «Ембімұнайгаз» АҚ ұстанатын негізгі саясаттың бірі – қызметкерлерге деген қамқорлықтың айқын көрсеткіші. Қызметкерлердің жұмыс ауысымынан кейін толыққанды демалуға және күш-қуатын қалпына келтіруге мүмкіндік беретін жайлы әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлар жасау – Компанияның басты міндеттерінің бірі. Демалыс және сауықтыру инфрақұрылымына инвестиция салу – еңбек өнімділігін арттыруға және корпоративтік рухты нығайтуға ықпал ететін адамдардың әл-ауқатына инвестиция. Компания өз қызметкерлерін тек заманауи жұмыс орындарымен ғана емес, сонымен қатар вахта кезеңінде лайықты өмір сүру жағдайларымен қамтамасыз етуге тырысады. Бұл – «Ембімұнайгаз» АҚ ұстанатын әлеуметтік жауапкершілік және кадр саясатының негізгі элементі. ЕТ



ҰЛАҒАТ

# ЕМБІ МҰНАЙЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ БАСТАУЫ

ДОССОР КЕН АЛАҒЫНАН МҰНАЙ ӨНДІРІЛГЕНІНЕ БИЫЛ – 115 ЖЫЛ

Қазақ елінің мұнай тарихы Қарашүңгілден бастау алатыны барша жұртқа мәлім. Ал, алғаш өнеркәсіптік маңызы бар мұнай кен орны – Доссор. Сол арқылы Қазақстанда алғаш мұнай кәсіпшілігі пайда болды.

Ел экономикасының локомотиві – мұнай-газ өнеркәсібінің бастауы саналатын, өнеркәсіптік маңызы бар, аталған кенішті «Ембімұнайгаз» АҚ негізі деп те атауға болады. Доссордан басталған тың салаға төселген ембіліктер кейін аймақтағы қазынаны ғана емес, көршілес Ақтөбе облысындағы Кеңқияқ кен орнын, қазыналы түбек Маңғыстаудағы Өзен, Жетібай кеніштерін алғаш игерушілер қатарынан табылды.

Архив деректеріне негізделіп, кітаптарға жазылған мәліметтерді жинақтап, тарихи танымдық жазба жариялауды жөн көрдік. Осы мақсаттағы топтамалар алағаш уақытта да қарт Ембінің қалыптасуы жолында өзіндік із қалдырып, мерейлі белестерге жеткен өзге де кен орындары туралы жалғаса бермек. Өйткені, өткенсіз бүгін жоқ. Ал, тарихты білу, тану – ортақ парыз.

## АРХИВ БЕТТЕРІНДЕГІ ЕСКІ ЖАЗБАЛАР

Доссор – Ембідегі ескі мұнай кеніштерінің бірі. Атырау қаласының шығыс жағында 100 шақырым жерде. Әкімшілік аумағы жағынан Мақат ауданында орналасқан. Алғашқы Доссор мұнайы осыдан 115 жыл бұрын өндірілді.

Доссор жөніндегі мәлімет Н.Северцевтың Орал сырты даласы туралы 1857 жылғы зерттеулерінде кездеседі. Ембі өңірін алғаш зерттеушілер жер астында мол мұнайдың барлығына көз жеткізе отырып, оны игерудің ерекше қиын екендігін ескерткен. Мәселен, 1874 жылы тау-кен инженері Кирпичников Доссорда көп мұнай бар екенін анықтаған. Ол: «Сөз жоқ, бұл арада көп мұнай шоғырланған. Бірақ, оны пайдалану қиынға соғады. Себебі, тұщы су жоқ, елді мекендер арасында қатынас жолы тартылмаған» деп көрсетті. Басқалар да осындай сипаттама жасаған.

1886 жылы Доссорға тау-кен инженері Новаковский келген. Ал, 1892 жылы Орал сырты даласы мен Маңғышлаққа геологиялық комитеттің геологы С.Никитиннің басшылығымен экспедиция ұйымдастырылды. Оның құрамына мұнай барлау үшін тау-кен инженері Ижицкий қосылды.

## БАСТАУ

Ал, атақты Ембі мұнайын өндіру, осы өңірді мекендеген халықты жұмыспен қамту тарихы 1911 жылғы 29 сәуірден басталды. Сол күні Доссордағы №3 бұрғылау мұнарасынан 225 метр тереңдіктегі юра қабаттық мұнай бұрқағы атқылды. Бұрқақ 30 сағатта 16700 тонна мұнай берді.

1911-15 жылдары жүргізілген барлау-бұрғылауы кезінде 52 ұңғыма қазылды. 1913 жылы кен орнының алғашқы құрылымдық сызбалары жасалды.

Доссорда жұмысшы табы қалыптасып, кейіннен жергілікті халықтың ішінен оқыған мұнайшы инженер мамандар шыға бастады. Экономикадағы өзгерістер әлеуметтік жаңалықтар да ала келді. Біріншіден, кен орындарын иеленгендердің шақыруымен Ресейдің түкпір-түкпірінен маман жұмысшылар келіп қоныс тепті. Бұл аймақтың ұлттық құрамын өзгертті. Екіншіден, жергілікті халықтың өкілдері өндіріске бет бұрып, ата кәсіппен қоштаса бастады. Бұрғышы, мұнай өндіруші, ұста, жөндеуші, жүргізуші тағы да басқа мамандықтарды игеріп,



Ұңғымаларды жерасты жөндеу бригадасы жұмыс үстінде

шеберлікке төселді. Осылайша қазақ жерінде алғашқылардың қатарында жұмысшы табы қалыптасты.

1913 жылы Доссорда 2100 жұмысшы тұрақты кәсіпке орналасып, Ембі мұнайшыларының қатары 6000-ға жеткен. Ал Доссор атауын иеленген елді мекенде мұнайшылар қалашығының іргесі қаланып, 10 тұрғын үй, 8 қазарма, 3 барак, 2 асхана, сондай-ақ, монша мен электр стансасы секілді күнделікті тұрмыс пен ырғақты жұмысқа қажетті нысандар бой көтереді.

Доссорда атқылаған бұрқақтан соң, мұнайды тасымалдау мәселесі бірден күн тәртібіне қойылғаны даусыз. Өйткені, тауар айналысы болмай, қазынаға ақша құйылмайды. Сондықтан кәсіпкерлер өнімді орталыққа жеткізу жолдарын қарастырды. Темір жол тартылмаған, су жолы ашылмаған аймақтан мыңдаған пұт сұйықтықты базарға шығару қиынның қиыны болды. Мұнай Доссордан құбыр арқылы айдалса ғана көздеген мақсат орындалар еді. Сондықтан, «Ембі мұнай өндіру және сауда» акционерлік қоғамы Рақуш кентінен 25 десятина жер алып, Доссордан 6 дюймді мұнай құбырын салуға кіріседі. Рақуштен 7,5 шақырым қашықтықта теңіз бетінде көлемі 1 метрдей ырғақ темірге қазықталған баржа жасалды. Баржаға мұнай сақтайтын ыдыстар орнатылады. Мұнда мұнай теңіз түбімен тартылған құбырмен жеткізіліп, осы жерден мұнай таситын кемелерге құйылады. Ұзындығы 65 шақырымға созылған бұл мұнай құбыры 1912 жылдың қазан айында салынып бітеді. Ал, құбырмен мұнай айдау үшін Доссор мен Мақатта сорғы бекеттері тұрғызылады. 1924 жылдың сәуірінен бастап Доссор кәсіпшілігін революционер жазушы, талантты ұйымдастырушы Сабыр Шарипов басқарды.

## ДАМУ БАСПАДАҚТАРЫ

1924 жылы Доссорда маман жұмысшы кадрларды дайындайтын ФЗО мектебі ашылды, оған алғашқы қабылданғандардың 50 %-ы қазақ жастары болды.

Уақыт талабына сай, Доссор мен Мақат кәсіпшіліктерінде мектептер салынып, аурухана, клуб ашылды. Жолшылардың ерен еңбегі нәтижесінде 1926 жылы 18 желтоқсанда Гурьев-Доссор тар табанды темір жолы пайдалануға берілді. Жол бойында 3 ірі бекет: Гурьев, Карабатан, Доссор және 3 разъезд: Сокол базары, Ескене, Даңғар іске қосылды. Ал, 19 желтоқсанда Доссор кентінде поездың алғаш келу құрметіне көп адам

## СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДА

Ұлы Отан соғысының қарсаңында Ембі өңірінің қуаты артып, Қазақстан өнеркәсібінің белді буынына айналды. Соғыстың қаһарлы жылдарында мұнайлы аймақтың ұл-қыздары да жеңіс сағатын жақындату жолында айтарлықтай үлес қосты.

кистерге, қаһарлы теңіз флотында жауды жеңу үшін жоғарғы сортты Доссор мұнайы қанша керек болса, сонша беретінін мәлімдейді» делінген.

Мұнайшылар осы уәденің үдесінен шыға алды. Ұйымшылдықпен еңбек етіп, майдан сұранысын артығымен орындауға жұмылды. Өндірісті



Кең алаңының 1958 жылғы келбеті



Доссор кенішінің жалпы көрінісі. 1935 жыл

жиналған митинг болды.

Доссор мұнай кәсіпшілігі осыдан кейін қарқынмен дами бастады. Жаңа темір жол Гурьевтен және теңіз жағасынан жүк тасымалын жеңілдетті.

1927-28 жылдары аудан кәсіпшіліктерінен 250 мың тонна мұнай өндірілді. Бұл үш жыл бұрынғы көрсеткіштен 2 есе артық еді.

Басқарма бойынша техникалық маңызы зор, тарихы терең кен орны Байшонос 1931 жылы пайдалануға берілді. Мұнай өнімінің ең жоғарғы көрсеткішін 1941 жылы беріп, 321 758 тонна мұнайға жетті. Сонымен қатар, Ембіде бірінші болып, Байшонос мұнай алаңында сейсмикалық барлау жүргізілді.

Ауыз су алғашқыда Доссордың солтүстік шығысындағы Жәнібек құдығынан тасылды. Өнім өндіру көлемі ұлғайып, жұмысшылар саны көбейген сайын су тапшылығы өткір проблеманың біріне айналды. Өткір мәселенің түйінін 1938 жылы құрылысы басталған Гурьев-Доссор-Қосшағыл су құбыры шешкен болатын.

Жылдар өте келе, өндіріске көптеген жанашылықтар енгізіліп, сала алға қарай дами түсті.

Бір кездері бөшкеге құйылып, түйеге теңделіп тасылған қара алтынды өндірген байырғы мұнайшылардың бүгінгі ізбасарлары енді осы заманның озық технологияларын меңгеріп, бір ғасырдан астам уақыттан бері үздіксіз өндірілген мол өнімнің қайнар бұлағын толастатпауда. Геологиялық құрылымы бір тектес кендер топтастырылып, соның негізінде құрылған «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы – қазіргі уақытта ғасырлық белесті бағындырған компанияның құрамындағы 4 мұнай-газ өндіру басқармасының бірі. Өндірістік көрсеткіштерді жақсарту, жоспарлы жұмыстарды лайықты атқару бағытында ұжым тер төгуде. Зерттеулер жүргізіліп, ескі кеніштердің екінші тынысын ашу жұмыстары да қарқынды қолға алынауда. **ЕТ**

Материалды дайындау барысында «Атырау» энциклопедия («Атамұра», 2000 ж.); «Мақат ауданы. Атырау облысы» шежіре («Исламнұр», 2004 ж.); «Алтын бұлақ» («Жолдас және компания», 2001 ж.); «Майлы қиян - Мақат», авторы Ардақ Қонысқалиев («Өлке», 2005 ж.) кітаптары пайдаланылды.

РЕДАКЦИЯДАН: Кен алаңының ашылғанына 115 жыл толуына орай, Қоғаммен байланыс тобы тарихи дерек, фотосуреттерді жинақтауда. Хабарласыңыздар.

Фотосуреттер ЕМБІ архивінен алынған

## ЕҢБЕК АДАМЫ – ЕЛ БАЙЛЫҒЫ

Жұмысшы мамандықтар жылы аясында ембілік жұмысшы мамандық иелері туралы жазба материалдар циклын өткен жыл ішінде жариялауды дәстүрге айналдырдық. Атаулы жыл аяқталды десек те, корпоративті басылымның биылғы жаңа сандарында да бұл тақырып тоқтамайды. Өйткені, Қоғамның басты байлығы – маман, еңбек адамы.



Нұрлан ХАСАНОВ,  
«Ембімұнайэнерго» басқармасының электр жабдықтарын жөнлеу және қызмет көрсету жөніндегі электромонтері:

### «ҚАУІПСІЗДІК – ЖАҚСЫ НӘТИЖЕ КЕПІЛІ»

– 2001 жылы басқармаға өз мамандығым бойынша жұмысқа орналасып, содан бері ширек ғасырға жуық уақыт өтті, табан аудармастан еңбек етіп келемін. Жұмысымыз өте қауіпті. Ток көзімен тікелей жұмыс жасайтындықтан, ең бірінші қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтаймыз. Компаниямыз ұстанған негізгі мақсат та осындай – әр қызметкердің үйінен жұмысқа аман-есен келіп, кейін үйіне дін аман оралуы. Танертеңгілік күнделікті медициналық тексерістен өткен соң ғана жұмысқа қосылу да – негізгі талап.

Менің жұмыс орным – Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау басқармасы. Электромонтаждау бөлімшесінен тапсырмамды алған соң, жұмысыма кірісемін. Осы аумақтағы 4 кеңсе ғимараты,

ККС-10 крандары, балкалардың ток көздерін қарап, ақауларын жою – атқаратын қызметім. Ал, мен сияқты осы салада тер төгіп жүрген әріптестерім мұнай-газ өндіру саласының дамуына өзіндік үлестерін қосуда. Өйткені, кен алаңдарындағы ұңғымалар электр қуаты арқылы жұмыс жасайды.

Аталған салада көп жылдан бері еңбек етіп келемін. Өз жұмысымның қыр-сырын менгеріп, қазіргі таңда қатарымызға әріптес болып қосылып жатқан жас мамандарға білгенімді үйретудемін. Себебі, жұмысшы мамандар ешқашан сұраныстан қалмайды, қазіргі жұмыс ауқымын сақтап, оның әрі қарай дамуына үлесін қосулары керек. Бұл – тек бір басқарманың жұмысы ғана емес, тұтастай мұнай-газ өндірісінің дамуы үшін керек сала өкілдері.

Мәжит АМАНҚҰЛОВ,  
«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Терен-Өзек кен орнының мұнай өндіру шебері:

### «ОПЕРАТОРЛЫҚТАН БАСТАҒАН ЖҰМЫСЫМНЫҢ ЖЕМІСІ»

– Ембі кен алаңдарындағы жұмысымды 1980 жылы бастадым. Содан бері еңбек етіп келемін. Ең алғашқысында Құлсары кен орнына оператордың көмекшісі болып жұмысқа орналастым.

Уақыт өте келе заман ағымынан қалыспай қызмет етіп, 1992 жылы Ақинген кен орны, 1993 жылы Қысымбай кен орны, 1995 жылы Аққұдық кен орнын алғашқы игеру, іске қосу жұмыстарын жүзеге асыруға араластым және 28 жылдай цех басшысы ретінде басы-қасында болдым.

Былтыр Қосшағыл кен орнының 90 жылдық белесі, сондай-ақ, Аққұдық кен орнына 30 жыл толды. Бұл кен алаңдарының өзіндік мол тарихы бар. Фонтандық әдіспен атқылаған кездері де тарих еншісінде қалды.

Компанияға қарасты кен алаңдарында ұзақ жылдар бойы табысты еңбек ете жүріп, Жылыой ауданының экономикасын көтеруде қолтаңбаныз бар деп, Жылыой

ауданының Құрметті азаматы атағын берді. Мұнайшы ретінде бұл саланың дамуына қосқан үлесімнің осылай ескерілуі – зор мәртебе.

Өзімнің 44 жылға тарта еңбек жолымда әр деңгейдегі лауазымдарды абыроймен атқара жүріп, мұнай-газ өндіру операторы, зерттеуші оператор, аға геолог, цех бастығы қызметтерінде болып, Ембі өндірісінің дамуына үлес қосқанымды, құрметті еңбек демалысына осындай дәрежеде жеткенімді мақтан тұтамын.



Мақтымқұл САКУПОВ,  
«Қайнармұнайгаз» МГӨБ ұңғымаларды жерасты жөнлеу цехінің машинисі:

### «КЕШЕГІ КҮН – БҮГІНГІ ТАРИХ»

– Адам өмірі мен денсаулығы – ең маңызды мәселе. Осыны біз ешқашан естен шығармаймыз. Күнделікті жұмыс барысында бұлжымайтын қағидаларды қатаң ұстану – талап. Экологияға зиян келтірмеуді де естен шығармаймыз.

Күнде жұмысқа ертеңгісін келген кезде станокты айналып шығамын. Ақаулары жоқ екеніне көз жеткіземін. Майысқан, үзілген жері жоқ па, жарамды ма толық қарап шыққаннан кейін ғана жұмыс басталады. Техника қауіпсіздігін сақтау қажет екенін ескереміз.

Жұмыс барысында берілген тапсырмаға сай, сол талаптарды сақтай отырып, іс-әрекеттеріміз жоспарланады. Мысалы, насос жасамай қалса, труба, шланга ауыстыру керек. Әр кезде түскен тапсырмаларға сай, лауазымдық міндеттеріміздің шеңберінде жұмыс жасаймыз.

Осы салада біраз жылдан бері келе жатқан маман болғандықтан, кешегі мен бүгінгі күнді салыстырып айта аламын. Бұрынғы техникалар мен қазіргі қолданыстағы құрылғы-жабдықтарды салыстыруға келмейді. Қол күшін қажет ететін, қара күшпен жасалатын жұмыстар өткен күннің еншісінде қалды. Арадағы айырмашылығы жер мен көктей. Қазір бар жағдайымыз жасаған, бәрі жанартылған.

### ПРАВОВАЯ ГРАМОТНОСТЬ

## ПРОФИЛАКТИКА КИБЕРПРЕСТУПНОСТИ: СОТРУДНИКОВ ОБУЧАЮТ ЦИФРОВОЙ БЕЗОПАСНОСТИ



В условиях стремительного роста киберпреступлений вопросы защиты информации становятся критически важными для каждого. Осознавая эту ответственность, руководство АО «Эмбаунайгаз» организовало серию профилактических мероприятий для сотрудников. Одно из них недавно состоялось на месторождении Восточный Макат НГДУ «Доссормунайгаз». Совместно с Группой по противодействию киберпреступности департамента полиции Атырауской области служба корпоративной безопасности компании провела разъяснительную встречу для работников всех цехов.

Открывая собрание, руководитель службы корпоративной безопасности АО «Эмбаунайгаз» Руслан Кенжеғалиев подчеркнул, что в современном мире бдительность каждого сотрудника – это не просто рекомендация, а ключевой элемент защиты как личных средств, так и активов всего предприятия. Он обратил внимание на прямую связь между дисциплиной в области информационной безопасности и финансовыми рисками для компании.

Особое беспокойство, по словам Р.Кенжеғалиева, вызывают систематические нарушения пропускного режима: передача пропусков посторонним, формальный подход к идентификации. Эти действия, на первый взгляд кажущиеся незначительными, создают серьезные бреши в общей системе безопасности объекта и требуют немедленного исправления.

Представители полиции детально разобрали с аудиторией самые актуальные схемы обмана. Сотрудникам рассказали, как распознать мошеннический звонок от «банка» или «службы безопасности», почему нельзя переходить по фишинговым ссылкам в смс или соцсетях, как защититься от незаконного оформления кредитов на свое имя и хищения денег с карт. Эксперты дали простые, но эффективные правила безопасности: никогда не сообщать пароли и коды, игнорировать подозрительные сообщения и всегда перепроверять информацию через официальные каналы связи.

Встреча прошла в формате живого диалога. Работники активно задавали вопросы, касающиеся конкретных ситуаций, с которыми они сталкивались, и получали компетентные ответы от специалистов. Главный итог мероприятия – понимание того, что сообщать о любых подозрительных фактах в службу безопасности или правоохранительные органы необходимо незамедлительно.

Проведенное собрание – часть программы АО «Эмбаунайгаз» по повышению цифровой и правовой грамотности коллектива. Подобные профилактические встречи планируются организовать во всех производственных структурных подразделениях компании, чтобы совместными усилиями создать надежный барьер против киберугроз. **ET**



**БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ!**

2026 жылы қазақстандықтардың өмірінде біраз өзгеріс болуда. Зейнетақы мен жәрдемақы өседі, онымен бірге біржолғы зейнетақы төлемдерін пайдалану шегі де көтеріледі. Бұдан бөлек мобильді аударымдарды бақылаудың жаңа талабы күшіне еніп, байлыққа салық салына бастайды. Осы және өзге де жаңалықтарды интернет көздеріндегі ақпараттарға сүйеніп, шолу жасап көрейік.

Биылдан бастап мобильді аударымдарды тексеру кезінде нақты үш талап ескеріледі. Олар: аударымдар жасаған адам саны, мерзімі және жалпы сома. Яғни, адамның жеке шотына 3 ай қатарынан 100 түрлі адамнан 1 млн 20 мың теңгеден астам ақша түссе, ондай операциялар кәсіпкерлік кіріс белгісі бар әрекет ретінде қарастырылады.

Биыл әлеуметтік төлемдерді есептеуге арналған негізгі көрсеткіштер көтерілді: зейнетақының ең төмен мөлшері – 69 049 теңге, ең төменгі мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі – 35 596 теңге, айлық есептік көрсеткіш – (АЕК) 4 325 теңге, ең төменгі күнкөріс деңгейі – 50 851 теңге, ең төменгі жалақы – 85 000 теңге.

2026 жылы айлық есептік көрсеткішпен бірге көпбалалы аналарға төленетін мемлекеттік жәрдемақы да өседі. Бұдан бөлек, «Алтын алқа» иелеріне 7,4 АЕК, ал, «Күміс алқа» үшін 6,4 АЕК қарастырылған. Бала туғанда берілетін біржолғы мемлекеттік жәрдемақы өсіп, бірінші, екінші және үшінші балаға – 38 АЕК, төртінші және одан кейінгі балаларға – 63 АЕК. Ал егіз, үшем немесе төртөм болса, мемлекеттік жәрдемақы әр балаға жеке-жеке есептеледі.

Биылдан бастап зейнетақының ең төменгі мөлшері мен ең төменгі күнкөріс деңгейі өскеннен кейін зейнетақы жинақтарының ең төменгі жеткіліктілік шегі де орта есеппен 10 процентке көтеріліп отыр.

Сондай-ақ, 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесіне кемі бес жыл бойы тұрақты жарна төлеген азаматтардың мәртебесі төлем уақытша тоқтаған жағдайда да алты ай бойы сақтандырылады.

Тағы бір жаңалық – әлеуметтік азық-түлік тізімі кеңейеді. Бүгінде әлеуметтік маңызы бар азық-түліктің тізіміне 19 тауар кірсе, енді 31-ге дейін артады. Бұл тауарлардың баға үстемесіне қатысты шектеу үш айға енгізіліп отыр. Оны ұзартуы да мүмкін.

Енді жеке куәлікті тегін алуға болады. 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап жеке куәлікті алғаш рет алғанда және қолдану мерзімі біткен соң, тегін ауыстыра аласыз. Ал егер жеке куәлікті бір рет жоғалтып алсаңыз, 0,2 АЕК, екі рет жоғалтсаңыз 1 АЕК төлеп, қайта жасатасыз.

АЕК өсуіне байланысты төлқұжат, паспорт, жүргізуші куәлігін рәсімдеу қымбаттайды. Туу туралы куәлік тегін, бірақ оны жоғалтып алсаңыз, қайта алу үшін 0,5 АЕК төлеу керек.

Салық кодексіндегі басты жаңалықтың бірі – қосылған құн салығының қазіргі 12 пайыздан 16 пайызға дейін көтерілуі. Бұған қоса, көлік салығының мөлшерлемесі төмендейді. Он жылдан асқан көліктерге салық 30%-ға, ал 20 жылдан асқан көліктерге 50 пайызға қысқарады.

2026 жылы 1 қаңтардан бастап Қазақстанның салық салу жүйесін реформалауды көздейтін жаңа Салық кодексі қолданысқа енді.

Жеке тұлғаларға салық салуда қандай өзгерістер пайда болды?

Жеке тұлғаның жылдық табысы

# 2026 ЖЫЛЫ НЕ ӨЗГЕРЕДІ?



**Зейнетақының ең төмен мөлшері – 69 049 теңге, ең төменгі мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі – 35 596 теңге, айлық есептік көрсеткіш – (АЕК) 4 325 теңге, ең төменгі күнкөріс деңгейі – 50 851 теңге, ең төменгі жалақы – 85 000 теңге.**

туралы декларацияны (270.000 нысан) тапсыруы міндетті. Декларацияға шегерім алу үшін ұсынылған құжаттар тіркелуі қажет.

2026 жылдың 15 қыркүйегіне дейін декларация тапсырылмаған жағдайда, Салық органдары жеке тұлғаға хабарландыру жібереді және артынша тапсырмаған тұлғаға айыппұл салынады.

**270.00 нысанын уақытылы және сапалы тапсыру міндеті – ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ ЖАУПКЕРШІЛІГІ.**

**ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

## «Ембімұнайгаз» АҚ 2025 жылғы салық аударымдары



**БАРЛЫҒЫ  
127 млрд 308 млн теңге**



жалақыны қоса есептегенде 8500 айлық есептік көрсеткішке (АЕК) дейін болған жағдайда, салық мөлшері 10 % құрайды. Ал, жылдық табысы 8500 АЕК асқан сома болған жағдайда, 15 % салық салынады.

Ең төменгі жалақы көлемінің бекітілген сомасы – 85 000 теңге болғандықтан, МӘМС жарналарының төлену тәртібі: 20\*есептелінген жалақы\*2%.

Жаңа Салық кодексінде көпбалалы отбасы үшін, ерікті зейнетақы жарналары бойынша, оқытуға, медицинаға арналған, банктік сыйақылар бойынша салықтық шегерімдер қарастырылмаған. Сонымен қатар, баласы туған кезде жұмыскерге материалдық көмек берілетін кездегі салықтық шегерімдер, жеке тұлға медициналық қызметтерді алған кездегі және ерікті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықтарының шегерімдері қарастырылмаған.

ҚР-да жылжымайтын дайын мүлікті сатудан түсетін кірістер 2 жыл мерзім ішінде сатылған жағдайда, ал, салынып жатқан мүлік 3 жыл мерзім ішінде сатылған жағдайда, 8500 АЕК дейін болса 10 % салық салынады, 8500 АЕК асқан сома болған жағдайда 15 % салық салынады.

Сонымен қатар, 2025 жылы сатып алынған мүлікке, сол жылдың Салық кодексі ережесі таратылады, яғни 2025 жылы сатып алынған мүлікті 1 жыл ішінде қайта сатқан жағдайда сатылған мүлік бағасы мен кезінде сатып алынған мүлік бағасы айырмасына 10% жеке табыс салығы төленуі тиіс.

Жылжымайтын мүлік (тұрғын үйлер, пәтерлер және т.б.), бір меншік иесіне тіркелген жалпы құны 450 миллион теңгеден асатын болса, мүлік салығы 2% мөлшерлеме бойынша салынады.

Оқуға, медицинаға арналған және банктік сыйақылар бойынша салықтық шегерімдерін 2025 жылы қолданған қызметкерлер Салық кодексі ережелеріне сай 15 қыркүйек 2026 жылға дейін 2025 жылға жеке тұлғалардың кірістері мен мүліктері

## СІЗ БІЛЕСІЗ БЕ?

Қазақ халқының тұрмыстық салтында және өмірлік ұстанымдарында амалдардың алатын орны ерекше. Бағзы заманнан ата-бабаларымыз табиғи құбылыстар арқылы болжам жасап, шаруа жайын, тұрмыс-тіршілігін реттеген. «Ай амалдары алдамайды» деген ұстанымда болған есепшілер жылдың әр айлары мен тоқсанында болатын ауа-райындағы және табиғат өзгерістері мен құбылыстарын назарында ұстап, тоғыс есебін жүргізген. Ұлттық сандық ұғымда негізінен мынандай жеті амал бар деп айтылады: Күннің тоқырауы, Қарашаның қайтуы, Үркердің батуы, Мұздың қатуы, Киіктің матауы, Қыс тоқсан, Ай тоғамы. Алайда, олардың саны анағұрлым көп, бұнымен шектелмейді. Ұлтымыздың жыл он екі айдағы күн райын болжаудың амалдары сан алуан.

күндерінде 2-3 күнге созылатын суық желдің соғуын «Тобылғы жарған» деп атайды. Яғни, өсімдіктер тамыр жайды, алғашқы көк шыға бастаған кез дегенге ұғымға сай.

Мамыр айында күн ысып, дала көкке оранған шақта, аяқ астынан 1-2 күнге суық тұратынын байқайтын ба едіңіз? Алғашқы онкүндікте дала, су құстарының балапан шығаратын кезін «Қызы жұмыртқа» деп атаған.

Ал, «Құралайдың салқынын» білмейтін адам аз шығар. Халық арасында көп айтылатын бұл амал мамыр

Үркердің толғағы. Малға қолайлы, жанға жайлы кезең, шілденің орта шенінен басталады. Бұл кезде Үркер жұлдызы туады. Жер құрғап, шөп буыны сарғая бастайды.

Ал, маусымның соңында Үркер таң ата батыстан көрінеді де, содан шілде айында 40 күнге созылатын ыстық басталады. Осы аптап күндер халық арасында «Қырық күн шілде» деп аталады.

Тамыздың ортасынан ауғанда ауа-райы салқындап, күздің алғашқы белгілері байқала бастайды. Бұл – Таразының тууы.

«Таразы туса, таң суыр» деген сөз осыдан шыққан.

Күздің алғашқы айының орта кезеңінде жаңбыр жауып, түнде шөп басына шық түскенімен, күндіз шуақты күндер болады. Мизам шуақ деп аталатын кезең – осы. Ал, қыркүйектің соңғы онкүндігінде күн суытып, жауын басталады, сүмбіле туды деген сөз. «Сүмбіле туса, су суыр» деген мәтел осыдан қалса керек.

Киіктің матауы деген амал қыркүйектің аяғы, қазанның басына сәйкес келеді. Бұл кезде киіктің, ақбөкен,

# ҚЫС ТОҚСАН, АЙ ТОҒАМЫ, ҮРКЕРДІҢ БАТУЫ...

## Әр амалдың айтары бар

Халықтың айтуында күннің таласуы дейтін кезең қаңтардың алғашқы күніне сәйкес келеді. Бұл кезде де ауа-райы өзгереді, қар жауады, яғни, сырғыма жүреді. Ал, қаңтардың соңғы күндерінде қыс күшіне еніп, сақылдаған сары аяздар болатын кезді қазақтар «Қысқы шілде» деп атаған.

Ақпан айының қысында ат құлағы көрінбейтін борандар күш алып, айдың аяғындағы боранды күндерде қасқырлардың жұптасатын кезін Бөрісырғақ амалы келді дейді.

«Бес тоғыстың бет жуары» деген сөз орамы бес тоғыстағы, яғни, наурыздағы жауын-шашынды 5-10 күн шаруаға жайлы екенін білдіреді. Кей жерлерде бес тоғыстан соң, он күнде өтетін амалды «Отамалы ойылған қыс» деп атайды.

Наурыз айының 17-21 күндері аралығында болатын жауын-шашынды, суық, әрі лайсаң мезгілді Бесқонақ деп атап, бұл уақытта сақтанып отырған. Бұл күндері тойдан қайтқан бес қонақ боранға ұшырап, үсіп өліпті деген ел аузында аңыз бар.

Ал, күн мен түннің теңелетін, жаңа жыл басталатын Наурыз айының 22-і Самарқанның көк тасы жібитін күн деп аталады.

Жаңа ай туарға дейінгі бір-екі күн мен «кеміген» айдың аспаннан екі күндік жоқ болып кету мерзімін қазақ Өліара деп атап, осы арқылы алдағы айға болжам жасаған. Өліарадағы ауа-райы қандай болса, туатын жаңа айда сол қайталанатын деген пікір қалыптасқан.

Көктемнің алғашқы айындағы



соңғы күндерде жыл құстары да ұшып келе бастайды. Бұл уақытта қарлы жаңбыр немесе суық жел тұрады. Мұны ел Құс қанаты деген атаумен амалға жатқызған.

Ал, көкек айында суық өңірлерде немесе таулы өлкелерде қар күрт еріп, жер лайсаң болған кезеңді аласапыран деп атаған.

«Сәуір болмай, тәуір болмас» деген сөз де тектен тек айтылмаған. Осы айдың орта кезінде найзағай ойнап, жаңбыр жауады. Аталған кезеңде жер бусанады. Ал, найзағайдың жарқылын халық «Қызырдың қамшысы шартылдады, қыс кетті» деп есептейді.

Ал, бұл айдың соңғы

айының аяқ жағында киіктің құралайларын желге қарсы өргізіп, аяқтандыратын шағына тура келеді. Жаратылыстың тылсымы сонша, осы аралықта даладағы қасқырлардың да тістері қақсап, ет жеу түгілі аңға шығудан қалады екен. Жалпы киіктің жаппай төлеу кезеңі 2-3 күннен арыға созылмайды. Ақбөкеннің тағы бір ерекшелігі - оның ешкісі кез-келген құралайды емізіп, өз лағындай қарайды. Киік төлдерінің жетім қалмауы осыдан.

Бұл айдағы тағы бір амал – Үркердің батуы. Аталмыш жұлдыздың аспаннан көрінбей кеткен кезін халықтық ұғымда «Үркер батты, жер қызды» деген есепке сәйкестендіреді.

қарақұйрықтың текесі үйірге түседі.

Ал, қазанның аяғы, қарашаның басында өтетін жауын-шашынды 5-10 күндік амалды есепшілер «Бұғының мойын жуар амалы» деп атаған. Бұл кезде бұғы үйірге түседі.

Құстардың оңтүстікке қайта бастайтын уақыты – қарашада. «Қаздың немесе қарашаның қайтуы» амалы кезінде солтүстік өңірлерде алғашқы қар түседі.

Қыс басталғандағы алғашқы аязды жұрт «Қырбастың қызыл амалы» десе, желтоқсанның соңғы онкүндігінде қатты боран соғатын кезде киік текесі келеге түсетіндіктен, бұл уақыт теке бұрқылдақ немесе текенің бұрқағы деп аталып кеткен. Бұл кезде ақбөкен текесі маталады. **ET**

### ХАЛЫҚТЫҚ БОЛЖАМДАР

- \* Көктемнің алғашқы жауынында күн күркіресе, шөп шүйгін шығады;
- \* Қазан айында күн күркіресе, қыс қысқа болмақ;
- \* Жазда найзағай көп болса, қыс жылы болады;
- \* Жазда күн кенет ысып кетсе, ұзамай жауын жауады;
- \* Ай мен Үркер тоғысқанда бір-бірінен алшақ тұрса, ауа-райы мал-жанға жайсыз, бір-біріне жақын тұрса, жайлы болады;
- \* Қыстыгүні бұлт желге қарсы жөнкілсе, қар жауады деп есептеніз;
- \* Бұлт ортасынан ыдыраса, күн райы күрт бұзылады. Шетінен бастап ыдыраса, оңалады;
- \* Жел жоқ күні түтін жерге қарай шалқыса, қыста қар, жазда жаңбыр болмақ;
- \* Шық қалың түссе, шөп қалың бітеді;
- \* Тікендер мен алаботаның сабақтары иіліп түссе, күн суытады;
- \* Алдағы қыстың қатты болатынын білсе – ормандағы тиін ұясын төмендеу, жылы болса – жоғары орналастырады;
- \* Қарға ерте көктемде суға шомылса, күн жылынады;
- \* Бұлт жер бауырлап түссе, күн суытады.

### Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

#### Шығарушы: Қоғаммен байланыс тобы

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2024 жылғы 18 қаңтарда № KZ69VPY00085699 куәлігі берілді.

Газет айына 1 рет шығады.  
Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.  
G.Karajanova@emg.kmg.kz

И.Сатылғанова – 8 (7122) 99-34-66, 21-166  
I.Satylganova@emg.kmg.kz

Г.Амирова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309  
G.Amirova@emg.kmg.kz

Баспахана: «Реформа» ЖШС

Мекен-жайы: Алматы қаласы

### РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

**Р.Тасмағамбетова** – Бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

**К.Әбенов** – Бас директорының кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары;

**А.Идрисов** – Басқарма төрағасы қызметінің жетекшісі;

**Ә.Каримов** – Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры;

**Н.Есмағамбетов** – Мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

**Ғ.Қаражанова** – Қоғаммен байланыс тобының жетекшісі;

**Г.Кулетова** – «Жас мамандар» кеңесінің төрағасы.

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның әлеуметтік желілердегі парақшаларына тіркеліңіздер!

Telegram - «Ембімұнайгаз» АҚ

Instagram - @embamunaigas.kz

TikTok - @embamunaigas

Facebook - Ембілік Мұнайшы

YouTube - «Ембімұнайгаз» АҚ



«Ембі тынысы» газетін осы QR код арқылы да оқи аласыздар.